

"Астана қаласының азық-түлік белдеуін қалыптастыру жөніндегі 2017 – 2018 жылдарға арналған жол картасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 13 қазандағы № 645 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 12 қарашадағы № 738 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. "Астана қаласының азық-түлік белдеуін қалыптастыру жөніндегі 2017 – 2018 жылдарға арналған жол картасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 13 қазандағы № 645 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана қаласының азық-түлік белдеуін қалыптастыру жөніндегі 2018 – 2021 жылдарға арналған жол картасын бекіту туралы";

2) 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Астана қаласының азық-түлік белдеуін қалыптастыру жөніндегі 2018 – 2021 жылдарға арналған жол картасы (бұдан әрі – Жол картасы) бекітілсін.";

3) көрсетілген қаулымен бекітілген Астана қаласының азық-түлік белдеуін қалыптастыру жөніндегі 2017 – 2018 жылдарға арналған жол картасы осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министри

Б. Сагынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 12 қарашадағы
№ 738 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 13 қазандағы
№ 645 қаулысымен
бекітілген

Астана қаласының азық-түлік белдеуін қалыптастыру жөніндегі 2018 – 2021 жылдарға арналған жол картасы

1. Ағымдағы жағдай

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері бойынша 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Астана қаласының аумағында 1 032,5 мың адам тұрады. Халықтың азық-түлік тауарларының негізгі түрлеріне қажеттілігі ең төменгі нормалар бойынша шамамен 635 мың тоннаны құрайды.

Қаланың қажеттілігі Астана қаласының айналасындағы азық-түлік белдеуі аймағынан, еліміздің басқа өнірлерінен өндіру және жеткізу, сондай-ақ импорт есебінен өтеледі.

Азық-түлік белдеуі аймағына Ақмола облысының 17 ауданы (Аршалы, Аққөл, Атбасар, Астрахан, Бұланды, Егіндікөл, Біржан сал, Ерейментау, Есіл, Жақсы, Жарқайың, Зеренді, Қорғалжын, Целиноград, Сандықтау, Шортанды, Бурабай) және Қарағанды облысының 4 ауданы (Абай, Бұқар жырау, Нұра, Осакаров) кіреді.

1-кесте. Азық-түлік белдеуі аймағы есебінен Астана қаласын азық-түлік тауарларының негізгі түрлерімен қамтамасыз ету тенгерімі

| Өнімнің атауы | Жылына 1 адамға ең төменгі норма, кг | Ең төменгі норма бойынша Астана қаласының қажеттілігі, тонна | Өзінің тұтынуын шегергенде азық-түлік белдеуі аймағы есебінен Астана қаласының қамтамасыз етілу әлеуеті, тонна | Астана қаласын қамтамасыз ету үшін қажетті көлем, тонна | Азық-түлік белдеуі аймағы есебінен қамтамасыз етілу, % |
|---------------------|--------------------------------------|--|--|---|--|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| Ұн | 13 | 13 422 | 402 651,00 | 0 | 2000 |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| Макарон өнімдері | 4,41 | 4 553 | 26 461,00 | 0 | 581 |
| Нан | 70,72 | 73 017 | 73 017,00 | 0 | 100 |
| Жылқы еті | 3,2 | 3 304 | 10 634,90 | 0 | 236 |
| Сиыр еті | 4,15 | 15 487 | 32 064,50 | 0 | 119 |
| Шошқа еті | 9 | 9 292 | 18 305,00 | 0 | 107 |
| Кұс еті | 5 | 5 162 | 27 097,90 | 0 | 437 |
| Жұмыртқа* | 142 | 146 611 | 1 378 143,70 | 0 | 852 |
| Картоп | 95 | 98 085 | 500 290,50 | 0 | 430 |
| Асханалық қызылшаша | 5 | 5 162 | 27 033,80 | 0 | 438 |
| Кияр | 5 | 5 162 | 16 935,00 | 0 | 259 |
| Қызанақ | 5 | 5 162 | 16 205,70 | 0 | 248 |
| Қышқыл сүт өнімі | 3,2 | 3 304 | 2 398 | 865 | 73 |
| Сәбіз | 20 | 20 650 | 13 144 | 7 830 | 64 |
| Қой еті | 6,3 | 6 505 | 680 | 5 799 | 10 |
| Өңделген сүт | 84,5 | 87 244 | 34000** | 53 244 | 39 |

| | | | | | |
|-----------------------|------|--------|--------|--------|----|
| Сары май | 7 | 4 584 | 1300** | 3284 | 28 |
| Ірімшік және сұзбе | 7,23 | 7 465 | 4850** | 2615 | 65 |
| Аққауданды қырыққабат | 25 | 25 812 | 2200** | 23 612 | 8 |
| Шұжық | 3 | 3 097 | 2000** | 1097 | 64 |
| Балық | 8,4 | 8 400 | 0 | 8 387 | 0 |
| Пияз | 20 | 20 000 | 0 | 19 982 | 0 |
| Алма | 25 | 25 000 | 0 | 24 927 | 0 |
| Күнбағыс майы | 7 | 7 000 | 0 | 7 000 | 0 |
| Күріш | 8,5 | 8 776 | 0 | 8 776 | 0 |
| Қарақұмық жармасы | 2 | 2 065 | 0 | 2 065 | 0 |
| Шай | 0,67 | 692 | 0 | 692 | 0 |
| Қант | 18 | 18585 | 0 | 18585 | 0 |

*мың дана

Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті және Ақмола облысының әкімдігі**

Осылайша, жоғарыда көрсетілген кестеге сүйенсек, Астана қаласы азық-түлік тауарларының 16 түрімен қамтамасыз етілмеген.

Бұл тауар позицияларын 2 топқа бөлуге болады:

1-топ, азық-түлік белдеуі аймағында өндіруге болатын тауарлар (қышқыл сүт өнімдері, өнделген сүт, сары май, ірімшік және сұзбе, аққауданды қырыққабат, сәбіз, қой еті, шұжық);

2-топ, табиғи-климаттық және экономикалық себептерге байланысты азық-түлік белдеуі аймағында өндіру орынсыз тауарлар (пияз, алма, күнбағыс майы, күріш, қарақұмық жармасы, шай, қант).

2. Астананы азық-түлік тауарларының негізгі түрлерімен қамтамасыз ету шаралары

Азық-түлік белдеуі аймағында бірінші топқа кіретін тауарлар өндірісін дамыту үшін қаланың және Астана қаласынан 300 км радиуста жақын жатқан аудандардың қолда бар өндірістік әлеуеті қолданылатын болады, бұл өндеуші қуаттарды жүктеуге және астана халқын отандық өніммен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Республиканың басқа өнірлерінен екінші топқа кіретін азық-түлік тауарларының негізгі түрлерін тұрақты жеткізуі қамтамасыз етуге жағдай жасау үшін үкіметтік емес ұйым атынан "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы (бұдан әрі – ҰКП) арқылы әр өнірде "Астананың азық-түлік белдеуіне қатысушыларды" іріктеу тетігі енгізілетін болады. Астананың азық-түлік белдеуін қалыптастыруға қатысушы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге "Астананың азық-түлік

"белдеуіне қатысуыш" мәртебесі берілетін болады, бұл оларға коммуналдық базарларды қоса алғанда, өткізу нарықтарына қол жеткізуде басымдыққа ие болуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, астананың азық-түлік белдеуіне қатысуышыларға "Қазагро" ҰБХ " АҚ-ның еншілес акционерлік қоғамдарынан кредит алуға мүмкіндік беріледі. Осылайша, тауар өндірушілер өз өнімдерін астананың нарықтарына жеткізуді жүзеге асыруға мүдделі болады.

Сауда-логистика инфрақұрылымын дамыту үшін Астана қаласында көтерме-тарату орталығы (бұдан әрі – КТО) құрылатын болады, ол көптеген делдалдар мен олардың алыпсатарлық баға белгілеуі проблемаларының шешімі болмақ. КТО-ның негізгі функциясы жергілікті ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілердің көтерме сатып алушылар нарығына тікелей шығуға мүмкіндік беру болып табылады. Бұл тауарларды нарықтық әділ бағамен сатуға жәрдемдесіп қана қоймай, сонымен қатар өндірушінің тауарларды сактауға жұмысайтын шығындарын азайтады, тауар айналымын ұлғайтады. Бұдан басқа, мұндай орталықтың жұмыс істеуі өндірушінің нарық конъюнктурасы туралы білімін арттыруға мүмкіндік береді және нәтижесінде өндірістің тауарларға арналған сұранысқа тез бейімделуіне ықпал ете алады.

Нарықты сәйкес келмейтін өнімдерден қорғау бойынша зерттеулер жүргізу көлемін ұлғайту, Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарының бұзылуы анықталған фактілер туралы БАҚ-та жариялай отырып, әкелінетін және өндірілетін өнімдердің қауіпсіздігін мониторингтеу бөлігінде мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын қүшейту жөнінде шаралар қабылданатын болады.

3. Астананың азық-түлік белдеуіне қатысуыш

"Астананың азық-түлік белдеуіне қатысуыш" мәртебесін беру мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1. Астана қаласының әкімдігі жыл сайын желтоқсан айының бірінші онкүндігінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне Астана қаласының халқын негізгі азық-түлік тауарларымен қамтамасыз ету бойынша ақпарат жолдайды, сондай-ақ оны Астана қаласы әкімдігінің сайтында орналастырады. Аталған ақпарат облыстардың әкімдіктерін және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың кәсіпкерлер палаталарын (бұдан әрі – өнірлік палаталар) хабардар ете отырып, азық-түлік тауарларының жетіспейтін көлемін жеткізу үшін олардың жыл сайынғы тапшылығын қамтуы тиіс.

2. Облыстардың, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері атынан ауыл шаруашылығы басқармасы (бұдан әрі – басқарма) өнірлік палаталармен бірлесіп, Астана қаласы әкімдігінің сайтында ақпарат орналастырылған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде өздерінің ресми сайттарында қажетті азық-түлік тауарларының тізбесін және кейіннен Астана қаласының азық-түлік базарларына жеткізу үшін олардың

көлемін орналастырады. Азық-түлік тауарларының тізбесі Астана қаласы әкімдігінің сайтына орналастырылған жетіспейтін азық-түлік тауарлары жөніндегі ақпаратқа сәйкес келуі тиіс.

3. "Астананың азық-түлік белдеуіне қатысуышы" мәртебесін берудің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында өнірлік палаталар облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының деңгейінде арнайы комиссиялар (бұдан әрі – комиссия) құрады.

4. Комиссия құрамы тақ болуы және бес адамнан кем болмауы тиіс, сондай-ақ басқарманың, өнірлік палаталардың, агроенеркәсіптік кешен саласындағы өнірлік қауымдастықтар мен одактардың өкілдерінен тұруы тиіс. Комиссия хатшысы комиссия мүшесі болып табылмайды.

5. Комиссияның шешімі оның отырысқа қатысып отырған мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады және хаттамамен ресімделеді. Бұл ретте, шешім қабылдау үшін кворум комиссияның кемінде бес мүшесінен тұруы тиіс.

6. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер "Астананың азық-түлік белдеуіне қатысуышы" мәртебесін алу үшін комиссияға мыналарды ұсынады:

1) осы Жол картасына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша астананың азық-түлік белдеуіне қатысуышылардың тізіліміне қосуға өтініш;

2) тауарлар жеткізу туралы жасалған шарттардың көшірмелері, олар болмаған жағдайда ниет туралы жасалған шарттардың көшірмелері;

3) өндірілетін өнімдердің сапасына сәйкестік сертификаттарының, ISO 9001, ISO 22000, ХАССП (НАССР) халықаралық стандарттарын енгізуге сәйкестік сертификаттарының олар болған жағдайда көшірмелері.

7. Осы бөлімнің 6-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған жағдайда, комиссия өтінішті қабылдамайды.

8. Құжаттар топтамасы толық ұсынылған жағдайда, комиссия 5 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде осы Жол картасына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша астананың азық-түлік белдеуіне қатысуышылардың тізіліміне (бұдан әрі – тізілім) ауыл шаруашылығы тауарын өндірушіні қосу туралы шешім қабылдайды.

9. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушіні тізілімге қосу оған автоматты түрде "Астананың азық-түлік белдеуіне қатысуышы" мәртебесін береді.

10. Өнірлік палаталар комиссияның шешімі мен тізілімді қабылданған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде ресми сайттарында орналастырады.

11. "Астананың азық-түлік белдеуіне қатысуышылар" тауарлар жеткізу туралы және/немесе ниет туралы шарттар бойынша міндеттемелерін бұзған жағдайда, Астана қаласының әкімдігі комиссияға ауыл шаруашылығы тауарын өндірушіні тізілімнен алып тастау туралы ұсынымдары бар холдайды.

Комиссия 3 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушіні тізілімнен алып тастау туралы шешім қабылдайды.

Ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші тізілімнен алып тасталған жағдайда, комиссия алып тасталған күннен бастап 2 жұмыс күні ішінде бұл туралы оны жазбаша түрде хабардар етеді.

4. Астана қаласының азық-түлік белдеуін қалыптастыру жөніндегі 2018 – 2021 жылдарға арналған жол картасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

| P/ с № | Іс-шараның атаяу | Аяқталу нысаны | Орындалу мерзімі | Жауапты орындаушылар | Қаржыландыру көздері |
|--------------|------------------|----------------|---------------------|-------------------------|-------------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

Азық-түлік белдеуі аймағында өндірісті дамыту

Астана қаласына жақын жатқан аудандарда сүт өнімдерін өндіруді қамтамасыз ету

| | | | | | |
|----|---|---|---------------------|------------------------------|--|
| 1. | Жалпы мал саны 1200 бастан тұратын 4 тауарлық сүт фермасын құру | 1200 мал басына арналған 4 тауарлық сүт фермасы | 2020 – 2021 жылдары | Ақмола облысының әкімдігі | шаруашылық жүргізу什і субъектілердің өз қаражаты мен қарыз қаражаты |
| 2. | Жалпы мал саны 2400 бастан тұратын тауарлық сүт фермасын құру | 2400 мал басына арналған тауарлық сүт фермасы | 2020 – 2021 жылдары | Ақмола облысының әкімдігі | шаруашылық жүргізу什і субъектілердің өз қаражаты мен қарыз қаражаты |
| 3. | Жалпы мал саны 600 бастан тұратын 2 тауарлық сүт фермасын құру | 600 мал басына арналған 2 тауарлық сүт фермасы | 2020 жылы | Қарағанды облысының әкімдігі | шаруашылық жүргізу什і субъектілердің өз қаражаты мен қарыз қаражаты |
| 4. | Жалпы мал саны 400 бастан тұратын 7 тауарлық сүт фермасын құру | 400 мал басына арналған 7 тауарлық сүт фермасы | 2020 жылы | Қарағанды облысының әкімдігі | шаруашылық жүргізу什і субъектілердің өз қаражаты мен қарыз қаражаты |
| 5. | Жалпы мал саны 500 бастан тұратын 2 тауарлық сүт фермасын құру | 500 мал басына арналған 2 тауарлық сүт фермасы | 2021 жылы | Қарағанды облысының әкімдігі | шаруашылық жүргізу什і субъектілердің өз қаражаты мен қарыз қаражаты |

Астана қаласына жақын орналасқан аудандарда ет өнімдерін өндіруді қамтамасыз ету

| | | | | | |
|----|--|-----------------|---------------------|---------------------------|--|
| 6. | Куаты жылына 5 мын тонна болатын ет өндөу кешенің салу | ет өндөу кешені | 2018 – 2019 жылдары | Ақмола облысының әкімдігі | шаруашылық жүргізуши субъектілердің өз қаржаты мен қарыз қаржаты |
|----|--|-----------------|---------------------|---------------------------|--|

1.3. Астана каласына жакын орналаскан аудандарда көкөніс өндірүлі күттамасыз ету

| | | | | | |
|-----|---|---|---------------------|-----------------------------------|---|
| 7. | Астана су қоймасы аймағындағы суармалы жерлерді қалпына келтіру | суармалы жерлер | 2019 – 2020 жылдары | Ақмола облысының әкімдігі | талап етілмейді |
| 8. | "Нұра-Есіл" каналы бойынша суармалы жерлерді қалпына келтіру | суармалы жерлер | 2019 – 2020 жылдары | Ақмола облысының әкімдігі | талап етілмейді |
| 9. | Қ. Сәтпаев атындағы каналдан Тұзды су қоймасына 10 млн. м3 көлемінде су жіберуді жүзеге асыру | суармалы жерлердің сумен қамтамасыз етілуін жақсарту | 2019 – 2020 жылдары | АШМ, Қарағанды облысының әкімдігі | 254/102 "Табиғат корғау мақсатында су жіберуді жүргізу" бюджеттік бағдарламасы шенберінде |
| 10. | Көкөніс отырғызылатын алаңдарды 235 гектарға ұлғайту | көкөніс отырғызылатын алаңдарды кенеттү | 2019 – 2020 жылдары | Қарағанды облысының әкімдігі | талап етілмейді |
| 11. | Суармалы жерлер алаңын ұлғайту үшін жаңбырлатып суарудың суландыру жүйелерін құру және кенеттү (29 жоба) | жаңбырлатқыш машиналар | 2019 – 2021 жылдары | Ақмола облысының әкімдігі | шаруашылық жүргізуши субъектілердің өз қаражаты мен қарыз қаражаты |
| 12. | Суармалы жерлер алаңын ұлғайту үшін жаңбырлатып суарудың суландыру жүйелерін құру және кенеттү (29 жоба) | жаңбырлатқыш машиналар | 2019 – 2021 жылдары | Қарағанды облысының әкімдігі | шаруашылық жүргізуши субъектілердің өз қаражаты мен қарыз қаражаты |
| 2. | Астана қаласы нарығына өнірлерден келетін азық-түлік тауарларының тұрақты жеткізілімдерімен қамтамасыз ету бойынша жағдайлар жасау | | | | |
| 13. | "Астананың азық-түлік белдеуіне қатысушы" мәртебесі бар ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді Астана қаласы базарларына өндірілген өнімді өткізу бойынша міндеттемелерді қарыз алу | ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің мақұлданған және қаржыландырылған өтінімдері бойынша есеп | жыл сайын | "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ | "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ еншілес ұйымдарының өз қаражаты |

| | | | | |
|--|---|--|---------------------|--|
| | шартында бекіте отырып, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өндіру және өндіру үшін қаржыландыру | | | және қарыз қаражаты |
| 14 | Республика өнірлерінің қатысуымен Астана қаласында ауыл шаруашылығы жәрменкелерін өткізу | жәрменкелер | жыл сайын | Астана қаласының әкімдігі талап етілмейді |
| 3. Тамақ өнімдерінің негізгі түрлерін дайындау, сақтау және өткізу инфрақұрылымын қалыптастыру | | | | |
| 15 | Астана қаласында көтерме-тарату орталығын салу үшін кемінде 20 гектар жер участкесін бөлу | Астана қаласында көтерме-тарату орталығын салуға арналған жер участкесі | 2018 – 2019 жылдары | Астана қаласының әкімдігі талап етілмейді |
| 4. Нарықты сәйкес келмейтін өнімдерден қорғау | | | | |
| 16 | Астана қаласының сауда желісінде өткізілетін мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығы өнімдерінің әкелінетін және өндірілетін негізгі әлеуметтік маңызы бар топтарының қауіпсіздігін мониторингтеуді күшайту | өнімдерді іріктеу қорытындылары және санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізу | 2018 – 2019 жылдары | ДСМ ҚДСК, АШМ талап етілмейді |
| 17 | Облыстардың және қалалардың Астана қаласының сауда желілеріне өндірілетін тамақ өнімдерін жеткізетін тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарын бақылауды жүзеге асыру | ерекше тәртіп бойынша тексерулер қорытындылары | 2018 – 2019 жылдары | ДСМ ҚДСК талап етілмейді |
| | Сәйкес келмейтін тамақ өнімдері анықталған кезде шаралар қабылдау | | | АШМ, ДСМ, ИДМ ТРМК, ІІМ, Астана қаласының, |

| | | | | | |
|----|---|---|---|---|-----------------|
| 18 | үшін мемлекеттік, жергілікті аткаруыш органдар мен ұйымдардың жедел өзара іс-қимылы | құзыреті бойынша уәкілетті органға сәйкес келмейтін өнім анықталғаны туралы ақпарат | жыл сайын | Ақмола және Қарағанды облыстарының әкімдіктері, "Атамекен" ҚР ҰКП (келісім бойынша) | талап етілмейді |
| 19 | Сапасыз және қауіпті өнім анықталған жағдайлар туралы БАҚ-та ұдайы жарияладап тұру | БАҚ-қа ақпарат (құзырет жөніндегі уәкілетті орган) | жыл сайын фактілердің анықталуына қарай | АШМ, ДСМ, Астана қаласының әкімдігі | талап етілмейді |

5. Мемлекеттік қолдау шаралары

| | | | | | |
|----|--|-------------|---------------------|--|--|
| 20 | Осы Жоспардың 1-5 және 11-12-тармақтары бойынша Қазақстан Республикасының агроенеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу саласындағы қолданыстағы заңнамасына сәйкес инвестиациялар салынған жағдайда агроенеркәсіптік кешен субъектісі көтерген шығыстардың бөліктерін өтөу бойынша субсидиялау | субсидиялау | 2019 – 2021 жылдары | Ақмола және Қарағанды облыстарының әкімдіктері | 0 5 0 "Инвестициялар салынған жағдайда агроенеркәсіптік кешен субъектісі көтерген шығыстардың бөліктерін өтөу" бюджеттік бағдарламасы шенберінде |
| 21 | Осы Жоспардың 1-5 - тармақтары бойынша Қазақстан Республикасының агроенеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу саласындағы қолданыстағы заңнамасына сәйкес агроенеркәсіптік кешен субъектілеріне ауыл | субсидиялау | 2020 – 2021 жылдары | Ақмола және Қарағанды облыстарының әкімдіктері | 056 "Ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы |

| | | | | |
|----|---|-------------|---------------------|--|
| | шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау | | | мөлшерлемесін субсидиялау" бюджеттік бағдарламасы шенберінде |
| 22 | Осы Жоспардың 1-5 -тармақтары бойынша Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу саласындағы қолданыстағы заңнамасына сәйкес асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды және мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігі мен сапасын арттыруға жұмсалатын шығындар құнын субсидиялау | субсидиялау | 2020 – 2021 жылдары | Ақмола және Қарағанды облыстарының әкімдіктері 053 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау" бюджеттік бағдарламасы шенберінде |

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

ПМ – Қазақстан Республикасының Ишкі істер министрлігі;

АШМ – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі;

ДСМ ҚДСК - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің Коғамдық денсаулық сақтау комитеті;

ИДМ ТРМК – Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті;

"Қазагро ҰБХ" АҚ – "Қазагро" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы;

"Атамекен" ҚР ҰКП – "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы.

2018 – 2021 жылдарға арналған

жол картасына

1-қосымша

Нысан

Астананың азық-түлік белдеуіне қатысушылардың тізіліміне қосуға өтініш

Кімге: _____

(облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың өңірлік палатасының атауы)

негізінде әрекет ететін,

(құрылтай құжаттары)

кімнен _____

(ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің атауы)

Астананың азық-түлік белдеуіне қатысушылардың тізіліміне қосуды сұрайды.

Ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші

(қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Мөр орны

20 __ жылғы " __ "

(өтінішті қабылдаған жауапты адамның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі және қолы)

Астана қаласының азық-түлік белдеуін қалыптастыру жөніндегі

2018 – 2021 жылдарға арналған

жол картасына

2-қосымша

Нысан

Астананың азық-түлік белдеуіне қатысушылардың тізілімі

| P/ с № | Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің атауы | Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің орналасқан жері | Қызмет турі | ЭКЖЖ коды | Жеткізілетін тауарлардың атауы | Жеткізілетін тауарлардың көлемі (мың тонна) |
|--------------|--|---|----------------|--------------|--------------------------------------|--|
| 1. | | | | | | |
| 2. | | | | | | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК